КОПИЯ

6D010300 – "Pedagoji ve Psikoloji" Bölümü Felsefe Doktoru (PhD) unvanını almak maksadıyla hazırlanan Aigul Orazbekkızı SPATAY'ın "Sürekli Eğitim Kapsamında Pedagogların İngiliz Dilini Öğrenmeye Hazırlığını Araştırmanın Psikolojik-Pedagojik Özellikleri" konulu tez çalışmasına ilişkin yurtdışı tez danışmanı Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Yücel GELİŞLİ'nin

**RAPORU**

Toplumdaki sosyal-ekonomik yenilenmeler ve yeniden yapılandırmalar dolayı eğitim alanında da sürekli ve kapsamlı bir şekilde yeni reformlar yapılmaktadır. Bu sürekliliğin sağlanmasında bugünkü Kazakistan'ın yüksek öğretim kurumlarındaki hocaların büyüktür ve bu yüksek öğretim sistemindeki başarı, neticeye odaklanma ve kaliteyi hedefleme sayesinde mümkün olmaktadır.

Kazakistan Cumhuriyeti'nin 2020 yılına kadarki sosyal-ekonomik uzun vadeli kalkınma planının "Eğitim" bölümünde temel eğitimde yenilikçiliği sağlamak ve modern anlamdaki sürekli eğitim sistemini kurmak, mesleki uzmanları hazırlamak ve yeniden eğitmek gibi meselelerden bahsedilmiştir.

Yüksek öğretim kurumları öğretmenlerinin sürekli eğitimi meselesi hakkında bilimsel ve metodolojik materyallerde birtakım bilgiler verilmiş ve okurlara sunulmuştur. Söz konusu materyaller dünyanın tüm bölgelerini ve çeşitli araştırma yöntemleri kapsamaktadır. Bunlardan yola çıkarak yapılan çalışmalar şu şekilde değerlendirilebilir: 1) sürekli eğitim, yeni bilgiler ve becerilerin kazandırılmasıyla insan sermayesini oluşturmak demektir; 2) öğrencilerin mesleki yetkinliğini geliştirmeyi hedefler.

Kazakistan Cumhuriyeti Hükümeti'nin 31 Ağustos 2019 tarihli ve 645 sayılı kararının "Pedagog Statüsü Hakkında" Yasasının 4. Maddesinde:

"Belirli alanlarda pedagojik ve/veya mesleki eğitimi olanları, öğrenicileri eğitmek ve/veya yetiştirmek, onun içinde ek eğitim vermeyi düzenlemek ve bununla birlikte eğitim işini organize etmek ve/veya metodolojik açıdan ihtiyaçları karşılamak konusunda mesleki hizmeti sağlayacak, iş alanında Kazakistan Cumhuriyeti yasasında gösterildiği şekilde mesleki standartlardaki taleplere uygun insanların pedagog statüsü olacaktır" denmiştir. Bu belge pedagogların statüsünün yükselmesini sağlamakla birlikte eğitim alanındaki ulusal standartların taleplerinin yerine getirilmesini de zorunlu kılacaktır.

Sürekli eğitim yüksek öğretimin ayrılmaz bir parçası ve toplumun insan sermayesinin oluştuğu akıllı üretimin önemli alanlarında biridir. Sürekli eğitim kendi başına karmaşık bir süreçtir ve bilişsel, duygusal katılımı, yeniliklere hazırlığı ve kabiliyeti gerektirir.

Çok düzeyli sürekli eğitim sisteminde uzmanların mesleki hazırlığının kalitesini artırmak, onu yönetmenin teorik altyapısını hazırlamak ve bilimsel-metodolojik ihtiyaçları sağlamak uluslararası eğitim sistemine dahil olmayı ve yön vermeyi mümkün kılacak olan önemli hedeflerdendir.

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Yüksek öğretim kurumlarındaki eğitim süreci sadece bilgiyi ve becerileri aktarmanın aracı değil, aynı zamanda bireyin dünyadaki yenilikleri öğrenmesini, yeni bakış açısı kazanmasını, dünyadaki olayların birbiriyle olan ilişkisini anlamasını, küresel meseleleri kavramasını ve onları çözme konusunda duyarlı olmasını ve sorumluluk üstlenmesini de sağlayacaktır.

Tez çalışmasının önemi, modern toplumla birlikte gelişen mesleki bilgisi yüksek ve eğitimli uzmanlara olan talebi incelemede elde edilen neticelerinin rekabet edebilir kalite, eğitim ve becerileri sağlayacak olmasıdır. Çok düzeyli pedagojik eğitimin teorisi ile tecrübesi, sürekli eğitimi modelleme, sürekli mesleki-pedagojik eğitimin düzeylerinin standartları ile eğitim programları içeriğini oluşturma meseleleri birtakım bilim insanlarının (N.A.Biryukova, S.M.Godnik, V.L.Ermolenko, N.A.Zavalko, E.M.İbragimova, V.A.Kuznetsova, V.M.Uşakova, K.K.Zakiriyanov, T.A.Kışkaşbayev, K.T.Östemirov vd.) araştırmalarında yer almıştır.

Araştırmada Kazakistanlı bilim insanı ve dilbilimci S.S.Kunanbayeva'nın "Günümüzde Yabancı Dil Eğitimi: Metodolojisi ve Teorisi" adlı monografisindeki yenilenmiş bilişsel-dilbilimsel kültürolojik metot kapsamında yabancı dil eğitimini geliştirme fikri etraflıca tahlil edilip, incelemelerde bulunulmuştur. Salima Sagikızı'nın danışmanlığıyla metodistlerle birlikte hazırlanan eğitimin bütün düzeylerinde yabancı dili öğrenmedeki bütünlük ve sürekliliği sağlayacak yabancı dil öğretimini geliştirmeye yönelik "Kazakistan Cumhuriyeti'nde Yabancı Dil Eğitimini Geliştirme Programı" da dikkate alınarak hazırlanması bu tez çalışmasının önemini daha da artırmıştır.

Yukarıda da bahsedildiği üzere A.O.Spatay'ın "Sürekli Eğitim Kapsamında Pedagogların İngiliz Dilini Öğrenmeye Hazırlığını Araştırmanın Psikolojik-Pedagojik Özellikleri" adlı tez çalışmasının konusu güncel ve önemlidir.

A.O.Spatay'ın tezi giriş, üç bölüm, sonuç, kaynakça ve ekler kısmından oluşmaktadır. "Sürekli Mesleki Eğitimde İngiliz Dilini Öğrenmede Pedagogların Hazırlığı Meselesinin Teorik Esasları" başlıklı birinci bölümde psikolojik-pedagojik ve psikolingüistik kaynaklardaki sürekli eğitimin gelişimi, günümüzdeki durumu üzerinde durulmuş, İngiliz dili öğretmenlerinin pedagogların dil bilme seviyelerini tespit etmeye yönelik hazırlıklarını incelemenin teorik ve metodolojik yönleri etraflıca ele alınmıştır.

"Pedagogları Yenilikçi Sosyalleşmeye Hazırlamanın Psikolojik Önemini Araştırmanın Yönleri" başlıklı ikinci bölümde yenilikçi sosyalleşme, yenilikçi teknolojiler gibi kavramlar teorik olarak açıklanmış ve İngiliz dili öğretmenlerini hazırlamanın modern trendleri üzerinde durulmuştur. Sürekli eğitim sisteminde pedagogları yenilikçi sosyalleşmeye hazırlamanın psikolojik öneminin özellikleri Kazakistanlı bilinen bilim insanları S.M.Djakupov, N.K.Toksanbayevaların yaklaşımları çerçevesinde incelenip, yenilikçi sosyalleştirmede aktif öğretim yöntemleri ile dilsel ilişki ortamını oluşturmanın öğrenicilerin bir araya geldikleri diyaloga/konuşmaya dayalı çalışmaları organize etmekle mümkün olacağı bilimsel olarak ortaya konmuştur.

"Okul-kolej (meslek lisesi)-yüksek öğretim kurumu" üçlüsündeki sürekli eğitimin durumu modern çağın gelişmeleriyle birlikte, bilim insanlarının entegrasyonunu da gözler önüne sererek başarılı bir şekilde tahlil edilmiş ve bilim insanların görüşleri ile bakış açılarına atıflar yapılmıştır.

"Sürekli Mesleki Eğitimde Öğretmen Adaylarını Yenilikçi Davranışlara Hazırlama Sürecinin Verimliliğini Deneysel Olarak İnceleme" başlıklı üçüncü bölümde çeşitli yöntemlerle uygulamalar yapılıp, onların istatistiksel verileri tespit edilip, yabancı ve yerli üniversite öğretmenlerinin psikolingüistik gelişimler ve eğitim sürecinden memnuniyetleri karşılaştırmalı bir biçimde tahlil edilmiştir. Bu bölümde İngiliz dilini öğretmede diyaloga dayalı öğretim ile aktif öğretim yöntemleri yazarın sürekli eğitim sistemindeki kurumlar için (№7 K.Sıpatayev IT Okulu, Çimkent Yüksek Pedagoji Koleji, Silkway Uluslararası Üniversitesi) hazırlanan yazarın "Pedagogu mesleki hizmete psikolojik ve pedagojik açıdan hazırlamanın metodolojisi (İngiliz dilini okutma yetkinliği örneğinde)" ve "Sürekli mesleki eğitimde pedagogların (İngiliz dili) yenilikçi davranışları" başlıklı seminer materyalleri ile müfredatları kullanarak yaptığı çalışmaları tezin değerini artırmakta ve öğretmenlerin İngilizce öğreniminde yetkinliği geliştirmesine katkı sağlamaktadır.

Yazarın tezdeki uygulamaları, kurs programları ile müfredatlarının yardımıyla öğrenicilerin mesleki motivasyonunun geliştiği psikolingüistik ve psikodiyagnostik yöntemler kullanılarak istatistiksel verilerle gösterilmiş ve belgelerle doğrulanmıştır.

Bu bölümde yazar sürekli eğitim sistemine dahil eğitim kurumları olan №7 K.Sıpatayev IT Okulu, Çimkent Yüksek Pedagoji Koleji, Silkway Uluslararası Üniversitesi İngiliz dili öğretmenlerine ve bu alandaki uzmanlara kendisinin hazırlamış olduğu "İngiliz Dilini Öğretmenin Yenilikçi Yöntemleri" başlıklı ve başka da ders materyalleri ve müfredat programları yardımıyla çeşitli seminerler vermiş, tez çalışmasının uygulama kısmında öğretmenlere anket yapmış ve bunların neticelerini tablolar halinde sunmuştur.

Tez çalışmasının sonuç bölümünde genel neticelerde ve bahsedilen konunun bundan sonra nasıl inceleneceği, gelecekte nelerin yapılması gerektiğine yer verilmiştir.

Araştırmanın varsayımına göre, tez çalışmasında hedeflenen noktaya ulaşmak için aşağıdakilerin yapılması gerekmektedir:

1. Sürekli eğitim sistemindeki İngiliz dili öğretmenlerinin hazırlıklarının ve teorik ve metodolojik açıdan mesleki yeterliklerinin tespit edilmesi gerekir;
2. Yenilikçi sosyalleştirmenin psikolojik önemi ortaya konmalıdır;
3. Sürekli mesleki eğitimdeki yenilikçi öğretim yöntemlerinin belirlenmesi gerekir;
4. Mesleki eğitimdeki aktif öğretim yönteminin ve onun kullanımının teorik olarak hazırlanması ve uygulamayla kontrol edilmesi gerekir;
5. Sürekli mesleki eğitimdeki mesleki oyunlar sisteminin ve onun kullanım yöntemlerinin teorik ve metodolojik açıdan analiz edilmesi, belirlenmesi ve uygulamayla test edilmesi gerekir.

Ancak hazırlanan bu tez çalışmasının eğitim sürecindeki sürekli eğitim sisteminin bütün meselelerini çözeceğini söyleyemeyiz. Sürekli eğitim sisteminin meseleleri her zaman için güncel ve önemli meseleler olarak kalmaya ve ortaya çıkmaya devam edecektir. Gelecekte araştırılması gereken bu konuya yakın konular çoktur. O çalışmaları ve araştırmaları yaparken de öğrenicilere İngiliz dilini öğretmeyi geliştirmek için geniş kapsamlı ve sistemli yöntemler ile ileri teknolojiler kullanılmalıdır.

Genel olarak tez çalışması sistemli bir şekilde yazılmış, içeriği bilimsel kurallara ve şartlara uygun bir şekilde hazırlanmıştır. Araştırmanın bilimsel neticeleri beşeri-matematiksel, bilimsel-metodolojik ve psikolojik-pedagojik bilimlerin yöntemleri ile ortaya konmuştur.

A.O.Spatay'ın tez çalışmasının materyalleri kullanılarak uluslararası kongrelerde, Scopus'ta taranan dergide ve Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın onayladığı dergilerde birkaç bilimsel makale yayımlanmıştır.

Tez çalışmasının içeriği, bölümleri araştırmacının yapmış olduğu bilimsel çalışmalara dayanarak hazırlanmıştır. Bu tez çalışması pedagoji, psikoloji, psikolingüistik, filoloji bilimleri için önemli bir eser olarak değerlendirilebilir. Zira bu çalışmada söz konusu alanların günümüzdeki güncel meselelerinden bahsedilmiş ve çözüm yolları önerilmiştir.

A.O.Spatay'ın "6D010300 – Pedagoji ve Psikoloji" alanında hazırlamış olduğu tez çalışması Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın Tez İzleme Komisyonu'nun taleplerine uygun bir şekilde hazırlanmış ve "6D010300 – Pedagoji ve Psikoloji" alanında felsefe doktoru (PhD) unvanını alması için uygundur.

Aigul Orazbekkızı SPATAY'ın "Sürekli Eğitim Kapsamında Pedagogların İngiliz Dilini Öğrenmeye Hazırlığını Araştırmanın Psikolojik-Pedagojik Özellikleri" konulu tez çalışması "İlyas Jansügirov Yedisu Üniversitesi'nin" "6D010300 – Pedagoji ve Psikoloji" uzmanlık alanında felsefe doktoru (PhD) unvanını alması için Tez Komitesi önünde savunmaya layıktır.

**Türkiye Cumhuriyeti, Ankara,**
**Gazi Üniversitesi Profesörü,**
**Eğitim Bilimleri Doktoru**

**Prof. Dr. Yücel GELİŞLİ**

EC540515222030214211 5V583739
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

02 МАР 2022

«____» __________ года Я, Сайбекова Айгуль Сайлиевна, нотариус нотариального округа Алматинской области, действующий на основании государственной лицензии №0002471 от 10.04.2009 года выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи МЮ РК, свидетельствую верность этой копии с подлинником документа. В последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за № 1224 882

Взыскано: __________ тенге

Нотариус __________

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Айгүл Оразбекқызы Спатайдың «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына Шетелдік ғылыми кеңесші Анкара, Гази университетінің докторы, профессор Южель Гелишлидің

## ПІКІРІ

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және қайта құрылулар білім беру саласында да үздіксіз және терең жаңа реформалардың жасалуына алып келеді. Ол үздіксіздік бүгінгі күнгі қазақстандық жоғары оқу орындары оқытушылары адамзаттық капиталының үлесі жоғары білім беру жүйесіндегі «жол картасын» жүзеге асыруда табыстылық, нәтижелілік пен сапаны көздеуі арқылы қолжетімді болып отыр.

Қазақстан Республикасының 2020ж. дейінгі әлеуметтік-экономикалық ұзақ мерзімді даму жоспарының «Білім беру» атты бөлімінде базалық білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету және заманауи тұрғыдағы үздіксіз білім беру жүйесін құру, кәсіби мамандарды даярлау мен қайта даярлау мәселелері айтылған.

Жоғары оқу орны оқытушыларының үздіксіз білім алу мәселесі ғылыми және әдістемелік материалдарда көптеген ақпаратты мәліметтер ретінде қарастырылған және оқырмандарға ұсынылған. Аталған материалдар әлемнің барлық аймақтарын және алуан түрлі зерттеу әдістерін қамтиды. Осы аталғандардың негізінде жазылған еңбектерді келесідей тиянақтауға болады: 1) үздіксіз білім беру бұл жаңа білімдер мен дағдылар түріндегі адами капиталды қалыптастыру болып табылады; 2) студенттердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 31 тамыздағы №645-ші қаулысына сәйкес «Педагог Мәртебесі туралы» Заңының 4-ші бабында

«Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіби білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, еңбек саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген кәсіптік стандарттарда көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін адамдардың педагог мәртебесі болады»-делінген, яғни бұл аса жоғары маңызды нормативтік құжат педагогтардың мәртебесінің артуына қол жеткізе отырып, білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға құқылы деп көрсетеді.

Үздіксіз білім беру жоғары білімнің ажырамас бөлігі болады және

қоғамның адами капиталы қалыптасатын интеллектуалды өндірістің маңызды салаларының біріне жатады, әрі ол өз алдынша күрделі процесті білдіреді және когнитивті, эмоционалды қатысуды, инновацияларға дайындық пен қабілеттерді қажет етеді.

Үздіксіз көпдеңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырып, оны басқарудың біріздiлiгi мен сабақтастығын теориялық тұрғыда негіздеп, ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету әлемдік білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу процесін зерттеуді және оны біртіндеп жүзеге асыруды қажет ететін басты мақсаттардың біріне айналып отыр.

ЖОО-дағы білім беру процесі жинақталған білім, білік және дағдыларды берудің құралы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлемдегі жаңа көзқарасының қалыптасуына, ондағы болып жатқан оқиғалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінуге, жаһандық мәселелердің байыбына бару және оларды шешу үшін жеке жауапкершілігінің дамуына көмектеседі.

Зерттеудің өзектілігі ең алдымен заманауи қоғамның үйлесімді дамыған, кәсіби білімді де білікті мамандарға деген сұранысты зерттеудің нәтижелері бәсекеге қабілетті сапалар, білім мен дағдыларды меңгеруге мақсатталған әлеуметтік тапсырыспен шарттасады. Көпдеңгейлі педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі, үздіксіз кәсіби білім беруді модельдеу, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру деңгейлерінің стандарттары мен білім беру бағдарламалары мазмұнының сабақтастығы және үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім берудің мазмұнын жобалау мәселелері, сонымен бірге үздіксіз педагогикалық білім беру сабақтастығының ұйымдастырушы-педагогикалық негіздері мен оны жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі, білім берудің көпсатылы жүйесінде оқыту процесін даярлау мәселелері бірқатар ғалымдардың (Н.А. Бирюкова, С.М. Годник, В.Л. Ермоленко, Н.А. Завалко, Е.М. Ибрагимова, В.А. Кузнецова, В.М. Ушакова, К.К. Закириянов, Т.А. Қышқашбаев, К.Т. Өстеміров және т.б.) зерттеулерінде орын алған.

Зерттеу мазмұнында Қазақстандық ғалым-лингвист С.С. Құнанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» монографиясында жаңартылған когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснама негізінде шеттілдік білім беруді жаңғырту идеясы жүйелі талданып, әрі қарай зерттеу мазмұнымен сабақтаса өрбіген. Сәлима Сағиқызының жетекшілігімен әдіскерлермен білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінде шет тілдерін меңгеру деңгейіндегі біртұтастық пен сабақтастықты қамтамасыз ететін, мемлекеттік тілдік саясат негізінде шеттілдік білім беруді кешенді жаңғыртудың «Қазақстан Республикасында Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» мазмұны да терең басшылыққа алынып, одан сайын зерттеудің құндылығын арттыра түскен десе болады.

Жоғарыда баяндалған көзқарас тұрғысында А.О. Спатайдың «Үздіксіз білім берудегі ағылшын тілін меңгеруге оқытушылардың дайындығын

зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады.

А.О.Спатайдың диссертациясы кірісперен, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. «Үздіксіз кәсіби білім берудегі ағылшын тілін меңгеруге оқытушылардың дайындығы мәселесінің теориялық негіздері» деп аталатын **бірінші бөлімде** психологиялық-педагогикалық, психолингвистикалық әдебиеттердегі үздіксіз білім берудің жалпы дамуы, қазіргі таңдағы барысына талдау жасалып, тұжырым негізделген, ағылшын тілі оқытушыларының педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттары мен жоғары оқу орны базасындағы тілді меңгергендігін анықтауға даярлығын зерттеудің теориялық пен әдіснамалық аспектілері кеңінен өзектеледі.

«Педагогтарды инновациялық әлеуметтенуге даярлаудың психологиялық маңызын зерттеудің аспектілері» деп аталатын **екінші бөлімде** инновациялық әлеуметтену, инновациялық технологиялар деген атаулар зерттеу өзегін құраған феномендердің теориялық талдану жайы сөз етіліп, ағылшын тілі оқытушыларын даярлаудың заманауи белгіленген трендтері айшықталады. Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде педагогтарды инновациялық әлеуметтенуге даярлаудың психологиялық маңызының ерекшеліктері Отандық атақты ғалымдар С.М. Джакупов, Н.Қ.Тоқсанбаевалардың көзқарастары тұрғысынан қарастырылып, инновациялық әлеуметтендіруде белсенді оқыту әдістері мен тілдік қарым-қатынас ортасын құру, ең бастысы білім алушылардың біріккен-диалогты танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қолжетімді болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелді негізделеді.

«Мектеп-колледж-жоғары оқу орны» триадасындағы үздіксіз білім берудің жай-күйі заманауи таңдағы дамумен сабақтастырыла, ғылымдар интеграциясы тоғысында білікті де, сауатты талданып ғалымдар көзқарастары сілтемелермен беріледі.

«Үздіксіз кәсіби білім беруде болашақ педагогтарды инновациялық іс-әрекетке даярлау процесінің тиімділігін эксперименттік зерттеу» деп аталатын **үшінші бөлімде** әртүрлі әдістер қолданыла отырып тәжірибелер жүргізілді, олардың статистикалық деректер анықталып, шетелдік және Отандық жоғары оқу орындары оқытушыларының психолингвистикалық тұрғыдан даму көрсеткіштері және оқу процесіне қанағаттану дәрежелері анықталып, салыстырмалы талдау жасалынды. Бұл бөлімде сонымен қатар ағылшын тілін меңгертуде біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен белсенді оқыту әдістерін автордың үздіксіз білім беру жүйесі базаларында (№7 Қ.Сыпатаев IT мектеп-лицейі, Шымкент жоғары педагогикалық колледжі, Silkway халықаралық университеті) арнайы әзірлеген «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық- педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беруде педагогтардың (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы авторлық курс, оқу-әдістемелік кешендерінде қолданып, әрі апробацияланулы аталмыш диссертациялық зерттеу

жұмысының құндылығын одан сайын арттырып, оқытушылардың ағылшын тілін меңгеруде кәсіби құзіреттіліктері дамуына септігін тигізетіндігі, мотивациялық аумақтарының кеңитіндігі туралы біздің болжамымызды растайтындығы орын алады. Диссертация мазмұнында диссертант респонденттердің жаңартылған білім беру мазмұнында және Блум таксономиясын қолдану арқылы ағылшын тілінен білімнің берілуін эмпирикалық тұрғыдан зерттеуі де тиісті ретпен жүйелі келтірілген.

Сондай-ақ, автордың ұсынып отырған курс бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешенінің көмегімен сыналушылардың кәсібилік мотивациялары дамитындығы, ал психолингвистикалық пен психодиагностикалық әдістемелерді қолдану арқылы статистикалық деректер кестелер мен түрлі диаграммалар арқылы көрсетіліп, тиісті құжаттармен расталған.

Осы бөлімде автор үздіксіз білім беру жүйесінің буындары №7 Қ.Сыпатаев IT мектеп-лицейі, Шымкент жоғары педагогикалық колледж бен Silkway Халықаралық университетінің ағылшын тілі оқытушыларына, жалпы осы саладағы кәсіби мамандарға өзінің шығарған «Ағылшын тілін меңгертудің инновациялық тәсілдері» деген тақырыптағы және өзге де бірнеше оқу-әдістемелік құралдарының көмегімен біліктілік арттыру семинарын өткізуі, ал зерттеу эксперименті үшін оқытушылардан сауалнамалар алып, оның нәтижелерін шығарып нәтижелерін кестелерде айшықтап бейнелеулері келтіріледі.

Қорытындыда жалпы тұжырымдар, аталған проблеманы одан әрі зерттеудің болашағы баяндалған.

Зерттеу болжамына сәйкес объектіні, зерттеу мәнін ескере отырып, қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет болды:

1. Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде ағылшын тілі оқытушыларының дайындығын теориялық-әдістемелік тұрғыдан анықтап, негіздеу;
2. Инновациялық әлеуметтенудің психологиялық маңыздылығын ашу;
3. Үздіксіз кәсіптік оқытудағы инновациялық оқыту әдістерінің мәнін нақтылап анықтау;
4. Кәсіби білім берудегі белсенді оқыту әдістерінің жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру;
5. Үздіксіз кәсіби білім берудегі кәсіби ойындар жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық-әдістемелік тұрғыдан талдап, бекітіп әрі эксперименттік жолмен тексеру.

Алайда, бұл орындалған зерттеу жұмысы оқу-тәрбие процесінде үздіксіз білім беру жүйесінің барлық мәселелерін түбегейлі шешеді деп айтуға болмайды. Қай заманда болмасын үздіксіз білім беру жүйесінің мәселелері қай қырынан алса да өзекті болып қалатындығы сөзсіз. Алдағы уақытта да одан әрі қарай осы тақырыпқа жақын зерттелетін ғылыми көкжиектегі бағыттар сан алуан. Ол бағыттардың әрқайсысын әзірлеу кезінде білім алушыларға ағылшын тілінен білім беруді дамытып қалыптастыруда

кешенді, апробацияланған жүйелі әдістер мен озық технологияларға сүйену қажет.

Жалпы, диссертация жеткілікті дәрежедегі жүйелілікпен жазылған, оның мазмұны логикалық қисындылық ұстанымы және ғылыми реттілік талаптарын сақтау тұрғысында да толық негізделген. Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері жаратылыстану-математикалық, ғылыми-әдістемелік пен психологиялық-педагогикалық ғылымдар, логика және ғылыми таным әдіснамалары тұрғысынан дәлелді түрде негізделген.

А.О. Спатайдың диссертациялық зерттеуінің материалдары бойынша (жеке және қоса авторлық бойынша) шетелдік халықаралық конференцияларда, халықаралық ақпараттық компаниясының деректер қорында индекстелетін Scopus (Скопус) журналында, ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда бірнеше мақаласы жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Диссертациялық жұмысты педагогика, психология, психолингвистика, филология ғылымдары үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады, өйткені бұл еңбекте аталған ғылымдардың бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелері орайлы шешімін тапқан.

А.О. Спатайдың 6D010300 –«Педагогика және психология» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді және «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

Айгүл Оразбекқызы Спатайдың «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын «Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ 6D010300 – «Педагогика және психология» бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі құрылған диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

**Түркия Республикасы**
**Анкара, Гази университетінің профессоры,**
**педагогика ғылымдарының докторы** **Проф.доктор Южель Гелишли**
/қолы/

Мөр: Түркия Республикасы 1923
Гази Университеті
Педагогика институты директораты

*Түрік тілінен қазақ тіліне аударған аудармашы Еркеңқызы Әсел*
*Қолы*______________02.03.2022 ж.

Еркеңқызы Әсел

ES7805152220302142929W32766C
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

**Республика Казахстан Алматинская область город Талдыкорган,**
**второе марта две тысячи двадцать второго года.**

Я, Сайбекова Айгуль Сайлиевна, нотариус нотариального округа Алматинской области, действующий на основании лицензии № 0002471 выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства юстиции Республики Казахстан от 10 апреля 2009 года, свидетельствую подлинность подписи переводчика Еркенқызы Әсел.

Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены. Согласно п.2 ст.79 Закона «О нотариате» нотариус не удостоверяет фактов изложенных в документе, а лишь подтверждает, что подпись сделана определенным лицом.

Зарегистрировано в реестре за № 883

Взыскано: 1624 тенге.

Нотариус ___________

Пронумеровано и прошнуровано на ______ страницах

Нотариус ______